**Автор**: Акпанбетова Айдана Кайратовна
**Пән**: География
**Сынып**: 8-сынып
**Бөлім**: Әлеуметтік-экономикалық ресурстар
**Тақырып**: Экономикалық инфрақұрылым элементтері және функциялары

---

| | |
|---|---|
| Сабақтың мақсаты | Экономикалық инфрақұрылым элементтерін түсініп, біледі.<br>Экономикалық инфрақұрылым элементтерінің маңыздылығын талда алады.<br>Экономикалық инфрақұрылымдағы қазақстандық компоненттердің қолданылуын анықтайды. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (3 мин.) | Психологиялық ахуал. «Ұшақтар» түрлі-түсті ұшақтарға жылы лебізін жазып бір-біріне ұшыру. Топқа бөлу. Ұшақ түстеріне қарай екі топқа бөлу. | |
| Сабақтың ортасы (30 мин) | **Тақырыпты ашу**. Жаңа сабақтың тақырыбын бейнебаян көрсету арқылы ашу. (3 мин)<br>(М) Интерактивті тақтаның көмегімен сабақтың тақырыбын, сабақ мақсаты мен бағалау критерийлерін оқушыларға таныстыру. (5 мин)<br>**1-тапсырма:** Топтық жұмыс. «Көлік» және «Байланыс» жүйелері бойынша тірек-сызбаны толтыру. (5 мин)<br>**2-тапсырма: «Инфрақұрылым және қоршаған орта» топтық жұмыс.** Топта талдай отыра кесте толтыру. (7 мин)<br>**№ Инфра-құрылым элементтері 1-топ (пайдасы) 2-топ (зияны)**<br>1 Көлік 1. 1.<br>2. 2.<br>3. 3.<br>2 Байланыс 1. 1.<br>2. 2.<br>3. 3.<br>**3-тапсырма:** «Галерея» жұптық жұмыс.<br>Әр топ itest.kz сайтынан алынған «Қазақстанның көлік кешені» конспектісін топта талдап, «Экономикалық инфрақұрылымдағы Қазақстанның алатын орны» тақырыбында сурет салады. Топтан бір оқушы жұмысты қорғайды. (10 мин) | |
| Сабақтың соңы (7 мин) | **«Өрмекшінің өрмегі» ойыны.** Жаңа тақырыпты бір-біріне сұрақ қою арқылы бекіту. (5 мин)<br>**"Жетістік баспалдағы» - өзін-өзі бағалау.** Жаңа тақырыпты түсіну деңгейлеріне қарай өздерін баспалдақ бойында орналастырады. (1 мин)<br>**Кері байланыс. Алма ағашы»** - қызыл, жасыл, сары алмалардың ұнағанын таңдап, артына өзінің ұсынысы мен тілегін жазып тақтаға іледі.<br>Үй тапсырмасын беру: Интернет желісін пайдалана отырып, «Қазақстандағы ұялы байланыстың дамуы» туралы қысқаша хабарлама дайындау. (2 мин) | |